

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама № 1

Уақыты: Қыркүйек

Катысқандар: 17

Хатшы: Тастанова Д

Катыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Балабақшада технологияларды пайдалану»

1. Әдістемелік бірлестік жұмысының жоспарын талқылау, бекіту.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуі үйымдастыру.
3. Ағымдағы мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Тастанова Д педагогикалық үдерісті жана оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары және циклограмма мен перспективалық жоспарды талқылау және бекіту жайлы айтып өтті.

Жаңа 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде бөбекжай-бақшада топ балаларының жас ерекшеліктерін балабақшаның тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық құзіреттілік танытуға бағытталуы қажет. Педагог-мамандар перспективалық жоспарды нұсқаулыққа сәйкес құрайды, нақты жас тобының перспективалық жоспарында педагог-маманның жоспарына сілтеме жасалынады.

Білім беру салаларының мазмұнын кіркітіруді балалардың және ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабактастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ете отырып тәрбиешілер Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес міндеттер жеке-жеке көрсетіліп, ортақ бір перспективалық жоспар жасалады..

Перспективалық жоспарға сәйкес балаларды қабылдау үйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтай отырып, бағдарлама мазмұнын жүйелік пен сабактастық қағидасын сактай отырып балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістермен-тәсілдерді қолдану, балалар әрекетін үйымдастыру үшін жайлы дамытушы-кеңістік орта құруға сәйкес бір аптаға арналған циклограмма құрастырылатындығына тоқтап түсіндірме жұмысын жүргізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер: Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуде педагог: - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті станадарт талаптарын; - Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын; - Бақылау парагы мен баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі; - мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін; - баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әнгімелесу, сұралқтар мен жауаптар, мектепке дейінгі жастағы баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін есептеу әдістерін; - акпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет екенін атап өтті.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейдің болуын болжайды:

1-денгей- бала сол немесе басқа қимылдарды қайталай алады;

2-денгей –бала не істеп жатқанын түсінеді;

3-денгей-бала өзінің жасай ала алатынын қолданады деп нақты атап кетті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер ағымдағы мәселелерге тоқталды. Алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті.

Қыркүйек айында өтетін тілдер мерекесіне барлық топтарда тақырыптық-тәрбиелік шаралар үйымдастырылуы қажет және ата-аналарға қосымща мәліметтер жіберіледі.

Қарттар күніне орай сурет көрмесі мен «Ата-анадан мұра» тақырыбында топтық тәрбиелік шара ұйымдастырылып өткізу жоспарланды. Бұл шараны өткізу барлық тәрбиешілерге жүктеледі. Денсаулық күніне орай «Әкем, аман және мен» спорттық жарыс жоспары жасалынып, бекітілсін.

Қазан айында «Алтын күз» мерекесіне музыка жетекшісі мен тәрбиешілер сценарийлерін дайындалу, уақытын белгілеу тапсырылады. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан барлық іс-шараларды жоғары деңгейде дайындалу өткізу тәрбиешілердің балалармен жүргізетін жұмыстарының нәтижесін көрсететіндігіне тоқталып өтті...

Шешім:

1. Жаңа 2024-2025 оку жылдарының перспективалық жоспары тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарының сақталуы қадағалансын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

С.Д.Жумабекова

Хатшы:

Т.С.Тастанова



Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама № 2

Уақыты: Қараша

Катысқандар: 17

Хатшы: Тастанова Д

Катыспағандар: 0

Күн тәртібінде

1. «Заттық дамытушы органды дамыту, құрастыру, ұйымдастыру бойынша кеңес»
2. Дамытушы бұрыштарды жасақтай отырып балалардың іс – әркеті мен мінез – құлқын бакылау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдістемелік кеңес төраймы:

С.Д.Жумабекова сөз бастады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог қызметкерлердің міндеті - балалардың шығармашылық қабілетін шындау, өнер тілі мен әлемнің көркемдігін жаңғырту тәсілдерін тану, еркін тандауда танымдық-эстетикалық және мәдени-коммуникативтік қажеттіліктерін іске асыру, заттық-кеңістіктік дамытушы органды модельдей алу шеберлігінен құралады. Заттық органды модельдеу балалардың өзара білім алмасулары, бірлесулері, өзара қарымқатынастары үшін жағдай жасайды. Осы себепті, баланың жан-жакты дамуына өзінің мазмұны және қасиеттері арқылы әсер ететін дамытушы органдың ерекшеліктерін ұғыну бүгінде маңызды міндет болып табылатынын атап өтті. Бұл орта бала қуанып бара алатында және мейлінше ұзак қала алатында екінші үйі сияқты болуы керек, максатқа бағытталып ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде маңызды рөл атқаратынын да түсіндіріп өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Ж.Ш.Серкебаева сөз алды. Адам өмірінің мектеп жасына дейінгі кезеңі тәжірибелік және танымдық қызмет субъектісінің бастамасы болып табылады. Осы жастық кезеңді адамгершілік мінез-құлқын пен психиканың әлеуметтік формаларын қалыптастыру үшін неғұрлым жағымды кезең деуге болады. Мектепке дейінгі шакта балалар өз басының жақсы жақтары мен кемшіліктерін толықтай түсіне бастайды, өзгелер тарарапынан өздеріне деген қарым-қатынасты ескереді. Адамның жеке басының бұдан арғы дамуы мен мінез-құлқын нормаларын саналы игеруде, жағымды үлгілерге еліктеуде мұндай іс-әрекеттердің мәні зор. Маңайдағы адамдардың балаға қатысты мінез-құлқы балада түрліше сезімдер тудырады. Бала бір жағынан еркелетуге, мақтауға, екінші жағынан өзіне жасалған ренішке, көрсетілген әділестіздікке қатты толғанады. Сондықтан мектеп жасына дейінгі баланың эмоциялық саласының дамуында оның өзінің эмоцияларын басқаруға үйренуі немесе мінез-құлқы еріктілігі басым орын алады. Мектеп жасына дейінгі балаға ашу, қуаныш, реніш секілді базалық эмоциялар тән. Балалар ертегілер арқылы қандай да бір эмоцияны бастан кешүге және қарама-қайшы эмоцияларды анықтаптануға үйренеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі жеке тұлғалық қасиеттеріне: қабылдау, зейін, ес, ойлау үдерістерінің, темпераменттің және ерік-жігер қасиеттерінің ерекшеліктері, мотивация жататынын түсіндіріп өтті. Үлттық ойындар: «Бестемше», «Аландағы Бестемше», «Асық ату», «Бес тас» ойындары да осындағы зияткерлік ойындарға жатады. Бұл ойындарды ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшандыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Қазіргі коғамға зияткерлік жағынан батыл, өздігінен білім алуға құштар, ерекше ойлайтын, шығармашыл, өз бетімен шешім қабылдай алатын адамдар қажет. Тұлғаның бұл барлық қасиеттерін мектеп жасына дейінгі кезеңінде зияткерлік ойындар арқылы қалыптастыруға болатынын ерекше атап өтті.

Шешім:

1. Барлық топтарда заттық дамытушы органдар құрылып, олардың жұмыстары қарқынды жүргізілсін.
2. Дамытушы бұрыштарды жасақтай отырып балалардың іс – әркеті мен мінез – құлқын қадағалансын.

Әдістемелік кеңес төраймы:

Хатшы:

С.Д.Жумабекова

Т.С.Тастанова



Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама № 3

Уақыты: Ақпан

Күндеу: 17

Хатшы: Абдижалилова К.П

Күндеуспағандар: 0

Күн тәртібінде

1. Нормативтік-құқықтық құжаттарды қарастыру.

2. Басылымга мақалалар жазу. Шығармашылық жұмыстарына шолу жасау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері К.П.Абдижалилова 2024-2025 оку жылында басшылыққа алғын нормативтік құқықтық құжаттарға қысқаша тоқталып өтті. 2024-2025 оку жылында оку процесін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне тоқталып, ақпарат беріп өтті. Әдістемелік нұсқау хатта ерекше көніл бөлінген тұстарымен таныстырылды. 2024-2025 оку жылында білім беру процесін ұйымдастыру төмендегі негізгі нормативтік құжаттармен жүзеге асырылатынын айтты:

- МЖМБС
- Үлгілік оку жоспарлары
- Үлгілік оку бағдарламасы
- Әдістемелік нұсқау хат
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыйыптарында 2024-2025 оку жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Занбарды және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытууды дамыту моделі негізінде әзірленген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Әдістемелік нұсқаухатта 2024-2025 оку жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды: -әрбаланың жеке кабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклузивті орта құру;

- балалардың өмірін қорғау және деңсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сұру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қымыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тәң бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (онын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.

Модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы.

Модельдің мақсаты – деңі сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г.Нұрманова сөз алды. Қазіргі танда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас үрпактың білімінің терендігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті үрпак – ұлттымыздың баға жетпес қазынасы. Балаларға тәрбие беру жолында тың тәжіребелеріңізben, білімдеріңізді аймақтық басылымдарға жарияласаныздар болады. Макаланызды жариялау арқылы сіз өз идеяларынызды, әдістемелік тәжірибеліңізді және зерттеу нәтижелеріңізді басқа педагогтар мен мамандарға ұсына аласыз. Бұл ғылыми қауымдастықпен байланыс орнатуға және жаңа идеялар алмасуға жол ашады. Жәнеде тәрбиеші Г.Нұрманова өз сөзінің аяғында балалардың шығармашылық жұмыстарынада шолу жасап өтті. Шығармашылық тапсырма түрлерін топ балаларының жас ерекшеліктеріне, шығармашылық қабілеттің даралығына қарап тандауға болатынын айтып өтті. Әрбір тәрбиеші сабактан тыс уақытта балалардың шығармашылығын дамытатын әр түрлі кездесулер, іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу барысында балаларды шығармашылық баулуға, бойларындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, киялыштың ұштауға, өз бетінше ізденулеріне зор әсерін тигізетінін атап өтті.

Шешім:

-Балабақшадағы әрбір тәрбиеші нормативтік құжжаттары толықтырылып сол бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқаны қадағалансын.

-Балаларға тәрбие беру жолында тың тәжіребелерімен, білімдерін аймақтық басылымдарға жариялау ұсынылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

С.Д.Жумабекова

Хатшы:

К.П.Абдикаликова

